

04.08.2021 жыл. № Y00051

Тренинг сабақ: Сабырлы болу қиын ба?

ШОЛПАНОВА АКТОЛКИН АБЕНТАЕВНА

*Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ елді мекені
"Қызылтаң" жалпы орта білім беретін мектебінің педагог - психологі*

Тренингтің мақсаты: Оқушыларды берілген тақырып бойыншы сөйлету, өзгелердің пікірін тыңдай білуге үйрету; сөздік қорларын байыту, адамгершілік қасиеттерін бойларына дарыту, сабырлы болуға шақыру.

1. Ұйымдастыру бөлімі.

Психолог: Сәлематсыздар ма, қымбатты ұстаздар мен оқушылар!

Бүгінгі пікірталасымызға қош келдіңіздер! Алдымен мен кіріспе сөзден бастамақпын. Кісілік қасиет жеке адамдардың ақыл-парасатынан өмірге көзқарасынан туындайды. Адам белсенділігі артқан сайын қасиеттер жинақталып, әркімнің кейпін, мінезін көрсетеді. Мінезділік –кісілікке көтерілудің бір жолы.

Мінез – киелі қасиеттердің жиынтығы. Мінез құндылығы - жүректі тазартатын, сергітетін сезімде, жақсы-жаманды екшеп ой қорытып, адамның ширауында, кез келген мәселені салмақпен, сабырмен шеше алатын қылықта.

Адам мінезінің аса бір көркем түрі – сабырлық. Адам баласының бойында оны дәл сабырлылық тәрізді керемет етіп көрсететін мінез кемде-кем. «Сабыр түбі – сары алтын», «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген қанатты сөз тегіннен –тегін айтылмаса керек. Ашуға да , қуанышқа да сабырлылық көрсету адамдықтың үлкен белгісі.

Күнделікті өмірде адамдар бір-бірін болмашы нәрсеге ренжітіп алып жатады, ашуланып, асығыс істер жасап жатамыз. Соңынан опынып жататын кездер де болады. Ал осындай жағдайларға тап болмаудың жолы – сабырлы болу. Ал сабырлы болу қиын ба?

Бүгінгі кешіміз осы сұрақтың төңірегінде болмақ. Осы тақырыпты алдын ала оқушыларға таныстырып, оларға эссе жазғызған болатынмын. Сынып оқушыларының пікірлері екіге бөлінді. Сондықтан да мен бүгін оқушыларды екі жаққа бөліп отырғыздым. Пікірталасымызды бастамас бұрын ортаға биші қыздарымыздың биін тамашалап алайық. Ортаға қыздар шығады.

2. Негізгі бөлім. Енді өзіміздің негізгі тақырыбымызға көшейік. Алдымен сабырлылық дегенді қалай түсінесіңдер? Оқушыларды тыңдап көрейік.

Оқушы: Сабырлылық адам бойына екі жолмен дариды. Бірі – туа біткені де, екіншісі адамның өзін-өзі тәрбиелеу жолымен келеді. Ой-санасы қалыптаса бастаған бала ең алдымен өзіне осы сабырлықты серік еткені жөн деп ойлаймын.

Оқушы: Сабырлылық адамның өз мінез-құлқына ие бола алатындығын көрсетеді. Өзіңе сабыр, сабыр деп жүрсең көптеген ыңғайсыз жағдайлардан құтыласың. Сондықтан да сабырлы бола біліңдер деп айтқым келеді.

Оқушы: Адам болған соң кейде біреудің абайсызда айтқаны көңілді ауыртады. Кейде арты ұрыс-керіске айналып кетеді. Осындайда адамға сабырлылық өте керек деп ойлаймын.

Психолог: Балалар, естисіңдер ме, әлдекімдердің дабырласып сөйлегендері естіледі. Осы мезгілде Бүлдірген мен Күлдірген ұрысып кіреді.

Күлдірген: Ұшқалақ екенің өтірік пе?

Бүлдірген: Ұшқалақ болсаң, өзің бол, білдің бе?

Психолог: Ау, балалар, амансыңдар ма! Не болып қалды тағы да? Бұл не дау?

Бүлдірген: Мына Күлдірген мені ұшқалақ дейді.

Күлдірген: Ұшқалақ екенің өтірік пе?

Психолог: Сендер әуелі сөздің мағынасын түсініңдер. Әртүрлі мінез болады: биязы, момын, сабырлы, ұшқалақ дегендей.

Бүлдірген: Сонда ұшқалақ деген жақсы мінез бе?

Күлдірген: Жақсы ма, жаман ба, әйтеуір сенің мінезің ұшқалақ.

Бүлдірген: Ал сен ше, сенің мінезің қандай, айтайын ба, сен бе, сен ... жуассың. Бір бірін мазақтайды.

Психолог: Балалар, бір бірінді кемсітпей сөйлеңдер. Бұл әдептілік емес. Оданда мына оқушылардың қасына отырып, пікірлерін тыңдаңдар. Сонда бәрін түсінесіңдер. Балалар, ешқашан да бір бірінді кемсітпеңдер. Оданда дос болыңдар. Қане, қолдарыңды алып достасыңдар. Қазір сендерге арнап балалар ән орындап береді. «Дос болайық бәріміз» әні орындалады.

Психолог: Рахмет, балалар. Ал енді әңгімемізді әрі қарай жалғастырайық.

Сабырлы болу қиын деген пікірмен келіп отырған оқушыларға сөз берейік.

Оқушы: Адамның бір қасиеті – мінез деген. Қазіргі кезде адамдар тез ашуланшақ болып келеді. Егер адам ашуланшақ, ызақор болса, олардың сабырлы болуы қиын сияқты. Бұл менің ойым әрине.

Оқушы: Мен де осы пікірге қосыламын. Қазір қай жерге барсаң да бір-бірінің сөзін көтермей, кез-келген нәрсеге ашуланып, асығып жүрген үлкен апаларымыз бен ағаларымызды көреміз. Ал, балалар үлкендердің мінездерін қайталайды. Ондай адамдардың сабыр сақтауы қиынға соғады деп ойлаймын.

Оқушы: Мен негізгі адам өте сабырлы, салмақты, ойлы, мәдениетті, қарапайым болу керек деп ойлаймын. Неге сондай болуға ұмтылмасқа?

Психолог: Ал енді сабырлы болу оңай, ол тек адамның өзіне ғана байланысты деген пікірмен келіп отырған топқа сөз берейік.

Оқушы: Мен үшін сабырлы болу қиын емес. Сабырлы болу адамның өзіне байланысты. Әр нәрсеге байыппен қарау керек. Өзіңді өзің ұстай білу қажет. «Сабырлы болсаң, ісің де өнімді болады» деп атам үнемі айтып отырады. Мен өзім сабырлы болуға тырысамын.

Психолог: Балалар, жақсы пікірлер айтып жатырсыңдар. Сабырлылық жақсы қасиетке жататынын түсіндіңдер. Ал енді адамгершілікке жататын жақсы қасиеттер мен жатпайтын жаман қасиеттерді білесіңдер ме? Қазір алдарыңызда жатқан кестені толтырып қараңдар. Кім қаншалықты білетінін көрелік. (кестені толтырады) Жақсы қасиеттер Жаман қасиеттер. Жауаптары оқылады.

Психолог: Адам бойында кездесетін қасиеттерді атап шықтық. Сабырлы болу – жақсы қасиет екенін түсіндің. Ал енді осы сабырлылық туралы даналарымыз не деп ойлайды екен, соны білейік. Тақтада ілінген нақыл сөздермен таныстырамын • «Ақыл – адам көрігі, Ақылдың сабыр серігі» М. Әуезов • «Ойланып алмақ – сабыр сол» Абай Құнанбаев • «Сабырлының алдында дұшпан сасады, Сабырсыздан береке қашады» Б. Момышұлы • Адам сәні – даналық, Даналық сәні – сабыр, Сабыр сәні – батырлық, Батырлық сәні – биязылық Үнді нақылы

3. Қорытынды бөлім.

Психолог: Міне, бүгінгі тақырыбымыз бойынша пікір алмасып, ой бөлісуіміздің қорытынды бөліміне де жеттік. Енді оқушылар, ойларыңды түйіндеп, қорытындылап жіберейік. Ол үшін әр топқа «Сабырлы», «Адамгершілік», «Ниет», «Болашақ» деген сөздерді таратып беремін, сол сөздерді байланыстырып қорытынды сөздеріңді айтасыздар.

Психолог: Рахмет, балалар. Енді осы тақырып бойынша мен де өзімнің қорытынды сөзімді айтайын. Ақ ниеттен теріс пиғыл тумайды, жақсы кісі жаманшылық қумайды. Ақ ниеттілік, сабырлылық мінез мінін туралайды. Бүгінгі кешімізге қатысып отырған оқушыларыма, Бүлдірген мен Күлдіргенге айтарым: сабырсыздық күйгелектікке, асығыстыққа соқтырады. Ақылмен емес асығыстықпен біткен істің қашанда бір қайнауы ішінде жүреді. Сондықтан да сабырлы болуға тырысыңдар. Сөзімді неміс философы И. Канттың сөздерімен қорытындылағым келеді: 1. «...өз ойыңды орынсыз талқыға ұшыратпау үшін өсек сөзге жүгінбей, сөзді сақтана, салмақпен айт. 2. Әрқашан уәдеңе тұруға тырыс, өз сөзіңнің иесі болғын. 3. Ойы мен пиғылы теріс адаммен достасудан аулақ бол. 4. Біреудің жалаң немесе ашулы пікірінен туындайтын сандырақты анау айтарлықтай көңілде термегін...» Бұл қасиеттерді өз бойыңнан ізде. Өйткені адам болу үшін адамдықты сақтау адамның санасына, мінезіне, ұстамдылығына байланысты. Иmandылық қасиеттерін өміріне тамыздық ететіндер адам құндылығын құнттайды. Осыны ұмытпаңдар, балалар!

04.08.2021 жыл. № Y00053

Describing places

БУРЦЕВА АНАСТАСИЯ АЛЕКСЕЕВНА

*Атырау облысы, Индер ауданы, М Әуезов атындағы
орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі*

Unit of a long term plan Unit 8 Our neighbourhood.		School: M.Auezova		
Date: 16.04.21		Teacher's name: Burtseva A		
Class: 6 rus		Number present:18	Number absent:	
Lesson title		Describing places.		
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	<p>6.S7 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a range of general topics, and some curricular topics</p> <p>6.W3 write with support factual descriptions at text level which describe people, places and objects</p>			
Lesson objectives	<p>Use adjectives to complete describing your town and different places</p> <ul style="list-style-type: none"> Practice using adjectives in speaking and writing 			
Value links	Cooperation, respect each other's opinion, functional literacy, love to Motherland.			
Cross curricular links	Geography.			
Previous learning	Talking about the ideal place to live.			
Use of ICT	Smart board for showing a presentation, getting additional information, playing the audio files.			
Intercultural awareness	Discuss places to live in different countries.			
Planned timings	Teacher's activity	Learners' activity	Resources	Evaluation
Start 2 min	Teacher greets the class and checks the home task. How are you today? Warm up. Game: "Finish what I say."	Learners greet the teacher and answer teacher's questions.	Zoom	Teacher's assessment (formative)

<p>5 min.</p>	<p>Teacher says very simple words then learners should continue it. For example: 1,2,3,4.....? A,B,C,D,E....? Happy birthday to...? What's your..? etc.</p>	<p>Learners continue what the teacher say</p>	<p>PPT</p>									
<p>Middle</p> <p>3 min.</p>	<p><u>Integration with the subject Geography.</u> Geography teacher tells in short about our town. <u>Differentiation by task.</u> Teacher gives tasks. Task 1</p>	<p>Learners listen to the teacher.</p>										
<p>5min.</p>	<p>Find the opposites of 1-6 in the box</p> <p>1 safe _____ 2 modern _____ 3 pretty _____ 4 noisy _____ 5 clean _____ 6 tiny _____</p>	<p>A students: read the words and say their translation</p> <p>B students: find the</p>	<p>Slide (useful words).</p>	<p>Teacher's assessment (formative) Gives stars</p>								
<p>7 min.</p>	<table border="1" data-bbox="327 1243 670 1702"> <thead> <tr> <th data-bbox="327 1243 670 1332">Descriptor</th> <th data-bbox="670 1243 837 1332">Assessment criteria</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="327 1332 670 1456">find the opposites of the adjectives</td> <td data-bbox="670 1332 837 1456">A students: read the words and say their translation</td> </tr> <tr> <td data-bbox="327 1456 670 1590"></td> <td data-bbox="670 1456 837 1590">B students: find the opposites of the adjectives</td> </tr> <tr> <td data-bbox="327 1590 670 1702"></td> <td data-bbox="670 1590 837 1702">C students: give examples using these adjectives</td> </tr> </tbody> </table>	Descriptor	Assessment criteria	find the opposites of the adjectives	A students: read the words and say their translation		B students: find the opposites of the adjectives		C students: give examples using these adjectives	<p>opposites of the adjectives A students: read the words and say their translation C students: find the opposites of the adjectives using these adjectives</p>	<p>Jamboard</p>	
Descriptor	Assessment criteria											
find the opposites of the adjectives	A students: read the words and say their translation											
	B students: find the opposites of the adjectives											
	C students: give examples using these adjectives											
<p>5 min.</p>	<p><u>Work on "Jamboard" board.</u> Task 2 Complete the sentences with six of the adjectives in the box. clean dirty modern noisy safe</p>											

<p>7min.</p>	<p>1 This is a very _____ street because there's a police station here. 2 It's very quiet and _____ here because there aren't any cars. 3 Many artists like this city because it's very _____ 4 Over 7 million people live in London! It's a very _____ city. 5 This part of the town is very _____ because there are a lot of factories.</p> <p>Key: 1 safe 2 clean 3 modern 4 noisy 5 dirty</p> <p>Task 3 Write a paragraph about your city or town. Use the ideas below.</p> <p>I'm from _____. It's near _____. It's _____ and _____.</p> <p>The streets are _____. The people who live there are _____. My favourite place is _____. I love it because it is _____.</p>	<p>Learners complete the sentences.</p> <p>Learners get the link and do the task on the Jamboard board</p> <p>Students write a paragraph about your city or town using the ideas below.</p>		<p>Teacher's assessment for completing the sentences</p> <p>Teacher's assessment For writing a paragraph</p> <p>Teacher's assessment for matching the adjectives</p>
--------------	--	---	--	--

	<p>Word wall Game Task 4 Match the adjectives with their opposites. The teacher sends the link to the task to their Whats App</p>	Learners get the link and go to wordwall and do the task online.		
5 min.	<p>Conclusion. Teacher concludes the lesson with the questions. Reflection</p> <ul style="list-style-type: none"> • What have you learned today? • What adjectives we have learned? • Did you like the lesson 	Learners express their attitude to the lesson and choose smiles and stick them on the reflection board.	PPT	Teacher's assessment
End 1 min.	<p>Home task. To learn the adjectives and use them in speech</p>	Learners write down the home task.		
<p>Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more</p>		<p>Assessment – how are you planning to check learners' learning?</p>		<p>Critical thinking</p>
<p>Differentiation can be achieved through the selection of activities, identification of learning outcomes for a certain student, provision of individual support to learners, selection of learning materials and resources based on the individual abilities of learners.</p>		<p>Assessment criteria:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Identify the main idea in extended talks with little support. • Apply topic related vocabulary in speech appropriately arranging words and phrases into well-formed sentences. • Demonstrate the ability to participate in a conversation. <p>Descriptor: A learner: 1. selects an appropriate answer.</p>		<p>Students think critically, exploring, developing, evaluating and making choices about their own and others' ideas</p>

	<p>2. completes the task.</p> <p>3. uses appropriate subject-specific vocabulary while speaking.</p> <p>4. discusses questions and answers the questions within the group.</p> <ul style="list-style-type: none">➤ Observation➤ Feedback on the work➤ Peer-assessment	
--	---	--

04.08.2021 жыл. № Y00055

Балабақшада бала денсаулығын нығайтудың маңызы

БЕКЕШОВА СВЕТЛАНА ОРАЛБАЕВНА

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы

"Үстірт бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК.

Дене шынықтыру маманы

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңыздылығын Республика Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2030» бағдарламасында, Қазақстан халқына Жолдауында: «Егеменді еліміздің болашағы мықты болып, шынығып өскені абзал» деген. Оның негізі осы кезден қаланатын болса, «Өмірге өскелең ұрпақ келер еді» деп атап өтті.

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту, бүгінгі бала-бақшалардың басты мақсаттарының бірі болып отыр.

Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз.

Балалардың денсаулығын нығайтуда спортқа әуестендіріп, күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтырып, салауаттылыққа тәрбиелеуіміз қажет.

Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу – әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті.

Организмді шынықтыру – бала денсаулығын күшейтудің ең негізгі жолы. Шынықтыру – дене тәрбиесінің маңызды бөлігі, ол табиғи факторлардың үйлестірілген әсерлеріне жүйелі түрдегі жаттығулар арқылы орындалады.

Денсаулық – бұл аурудың жоқтығы ғана емес, бұл оңтайлы жұмысқа қабілеттілік, эмоциялық сергектік жағдайы – жеке адамның болашақтағы жайлылығына іргетас қалау, қозғалыс белсенділігін дамыту және дене сапаларын қалыптастыру. Бұл міндеттердің шешімін табуға баланың дене, психикалық және әлеуметтік жағдайын сақтау бойынша тұтас жүйені жасау жолымен қол жеткізуге болады.

Біздің балабақшаның да басым бағыттарының бірі – балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. «**Дені сау болса – дәулет сол**» демекші балдырған балаларымыздың дендері сау, дене бұлшық еттері қалыптасқан, батыл болып өсуіне ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жүргізілсе қызығушылығы артады.

Осы бағытта балабақша Елбасымыздың «Шынықсаң шымыр боласың» насихат сөзіне сүйене отырып, денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады:

- Гигиеналық жұмыс (жуыну: шынтаққа дейін қолға су құю, дәрілік шөптермен ауызды шаю.

- Шынықтыру жұмыстары: күн, су, ауа, су құю, сүртіну.

- Дене шынықтыру оқу іс-қызметі таза ауадағы қимылдық ойындар.

- Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізіледі.

Жылдың барлық мезгілдерінде балалардың денсаулығына рационалды тамақтануына ерекше көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, балабақшада күнделікті шынықтыру шараларын өткізуге жағдай жасалуда.

- Серуен және күндізгі ұйқыдан кейін беті-қолын, мойнын салқын сумен жуады;

- Күн тәртібіне сәйкес балаларды таза ауаға шығару, ертеңгілік жаттығулар жасау, оқу іс-қызметі кезінде сергіту сәттерін жасау, қимылды ойындар өткізу т.б. жүргізіледі. – Өзін-өзі күту дағдыларын дамытуға жағдай жасалған (ауа райына байланысты киінуге, мүмкіндігінше киімдерін тазалауға, жуынуға, тарануға, киімін жинауға, бет орамалды қолдануға және т.б. үйретеміз).

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің халқына Жолдауында рухани байлықтың – денсаулықтың қажеттілігін айтқанындай, жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті, салауатты өмір құндылықтарын енгізу – біздің міндетіміз. Сондықтан бала денсаулығын нығайтып, психологиялық сақтандыруды жүзеге асыру және оның насихаттау шараларын белсендірек жүргізу балабақшадан басталғаны абзал.

04.08.2021 жыл. № Y00056

Мектеп жасына дейінгі балаларға орыс тілін ойын арқылы дамыту

БЕКБОЛАТОВА ДИНАРА КАЛБАЕВНА

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы

«Үстірт бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК. Орыс тілі маманы

**«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның
шығармашылық қабілетін дамытады.**

Ойынсыз ақыл ойдың қалыптасуы мүмкін емес».

(В. А. Сухомлинский).

Орыс тілін оқыту сабақтарында ойын технологиясын қолдану әдістері мен тәсілдері, ойынның түрлері (дайындық ойындары, шығармашылық ойындары, іскерлік ойындар) қарастырылады. Автор қазіргі мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін жаңа технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде қолданылады деген қорытынды жасайды.

«Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе сияқты, сол арқылы баланың рухани байлығымен жасампаз өмірімен ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын білуге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» деген атақты педагог

В. А. Сухомлинский. Ойын – мәдениет феномені. Ол – оқытады, тәрбиелейді, дамытады, ойын-сауық, демалыс уақыттарын сыйлайды. Бала өмірін ойынсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан да педагогтар мен психологтардың негізгі мақсаты-ойын процесінде баланың жан-жақты дамуы, танымдық қызығушылығын арттыру, тілін дамыту т.б. Ойын әрдайым оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнына сәйкес таңдалынады. Әр түрлі топтарда орыс тілі сабағын қызықты етіп өткізу үшін сабақтарда мынандай ойындар қолданады: Бұл классификацияға төмендегі ойын түрлерін көрсетеміз:

- ◆ сенсорлық тәрбиелік ойындар.
- ◆ сөздік ойындар.
- ◆ табиғатпен таныстыру ойындары.
- ◆ математикалық ұғымдарды қалыптастыру ойындары.
- ◆ дидактикалық ойыншықтармен ойындар.
- ◆ үстел-үсті ойындары.
- ◆ сюжетті –рөлді ойындар.
- ◆ саяхат-ойындар.
- ◆ ойын-тапсырмалар.

- ◆ ойын –сөйлемдер.
- ◆ жұмбақ ойындар.
- ◆ диалог-ойындар.
- ◆ қимылды ойындар.т.б

Сабақ өткізгенде ойын тәсілінің мына негізгі принциптерін ескеру тиіс:

1. Өтетін материалды игергенде бала тапсырманы ойын ретінде қабылдауы, қызығушылығының арттыру.
2. Ұжымдық, яғни балалар ұжымын біріңғай топтастыру.
3. Жеке және топтық тапсырмаларды қарсыластарынан бұрын шешу арқылы уақытты үнемдеу және достарына үлгі болу.
4. Әр ойынның мазмұнында жаңа элементтер болуы тиіс.
5. Балаларға ойынның пайдасын айтпау керек.
6. Ойын ол сабақ емес, ол жаңа тақырыпқа балаларды қатыстыратын ойын әдісі.
7. Тәрбиешінің эмоциясы сол іс-әрекетті қалай сезінуіне байланысты болуы керек.
8. Ойын – ол диагностика құралы, бала ойын кезінде барлық жағымды, жағымсыз қасиеттерін көрсете алады.

Сабақта қолданатын ойындар алуан түрлі. Ойынның бір ерекшелігі, ол балалардың сабақта өздерін еркін ұстауына, ойларын қысылмай айтуға жағдай жасайды.

Педагогикалық ойынның маңызы зор. Ойын біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі.

Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу – жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол дем алу, көңіл көтеру бола тұра оқуға, шығармашылықта, емдеуде, адам қарым-қатысының типтерінің модельдерінде, еңбекте көрініс табады. Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс – тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде және мектептерде де ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде қолданылады.

Алғаш әріптерді үйреткеннен бастап әрбір әріптен келетін затты көрсетіп өтсек, онда ол әріп баланың есінде қалады.

Мысалы:

А- арбуз,Б- барабан,С- снеговик

Тілдің дамуына ойын өте үлкен әсер етеді. Ойын ақыл – ой дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды т.б. үйренеді.

Ойындар жаңа тақырыптарды өткенде, сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін пысықтауға арналған жаттығулардың бір түрі ретінде пайдаланылады.

«Сыңырын тап ойыны». Бастапқы әріптері сәйкес келетін суреттерді қатар қою керек.

Мысалы: Арбуз – аист, Барабан – Банан, Вагон – велосипед, Груша – гармошка Қазақ топтарының балалары орыс тілі пәнін ойын сабағы ретінде тез қабылдайды, мұның өзі педагогқа бүлдіршіндерді пәнге қызықтырудың қосымша шараларын іздестіруді қажет етеді. Мұндай қызықтыру шараларының қатарына: еңбек процестерін суреттеу, табиғат, өз қалаң туралы әңгімелеу. Қазақ тілінде оқытылатын балабақшада орыс тілін оқытудың негізгі мақсаты – тәрбиеленушілерді орыс тілінде сөйлеуге үйрету. Орыс тілін үйретудің бастапқы кезеңінде әр сабақ өз мәнінде көрнекі құрал қолдану арқылы тартымды өткізілсе, білім мазмұнының сапасы да артпақ. Мектепке баратын балалардың бұл кезеңде сабаққа қызығуын жоғалтып алсақ, кейін олардың тілді әрі қарай меңгеруі қиынға түседі. Сондықтан сабақ арасында ойын элементтерін қолдану сабаққа қызығуын, белсенділігін, ойлау қабілетін дамытуға, жаңа сабақты пысықтау кезеңін сапалын өткізуге материалды толық меңгеруге көмектеседі.

Ойындарды екі тарауға бөлуге болады. Бірінші тарау сөйлеу қабілетін дамытатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық және орфографиялық ойындар жатады. Бұл ойындар «Дайындық ойындары» деп аталады. Бұл тарау алдын-ала грамматикалық ойындардан басталады. Себебі грамматикалық материалдарды бірнеше рет қайталағанды қажет етеді және өзінің біркелкілігімен балаларды жалықтырып жібереді, ал жіберілген күш тез арада өз нәтижесін бермейді. Ойындар күнделікті жұмысты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Грамматикалық ойындардан кейін лексикалық ойындар жүреді. Фонетикалық ойындар сөйлеу қабілеті мен білігін дамыту кезеңінде дыбыстарды дұрыс айтып үйренуге арналған. Ең соңында жүргізілетін орфографиялық ойындардың мақсаты – лексика бойынша оқылған сөздердің дұрыс жазылуын үйрету.

Екінші тарау «Шығармашылық ойындар» деп аталады. Бұл ойындардың мақсаты – сөйлеу қабілетінің ары қарай дамуына ықпал ету. Тез ойлауға, қарым-қатынаста ойланбай жауап қайтаруға, әр түрлі жағдайлардан тез шығуға көмектеседі.

Дидактикалық ойындар оқушылардың ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін артуымен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Балалар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағыныда қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Іскерлік ойындар – оқушылардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіретін, дамытатын тиімді тәсіл.

Сабақ барысында іскерлік ойындарды қолдану арқылы балаларға сөйлеу үлгілері меңгертіледі. Мұндай ойындар оқушылардың жасқаншақтық, ұяндық қасиеттерін жойып, оның қиялына ерік береді.

Ойында келесі маңызды міндеттер: баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әр түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі, баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттерінің көрініс табуы жүзеге асырылады. Баланың әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әр түрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.

Ойынның оқыту мүмкіндігі жөнінде ертеден белгілі. Көптеген алдыңғы қатарлы педагогтар оқыту процесінде ойынды қолдану тиімділігіне әділ назар аударған. Ойында адамның, әсіресе баланың толық және кейде күтпеген жерде қабілеті танылады.

Ойын – ақыл-ой мен сезім күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылатын сабақтар. Ойын әрқашан шешім қабылдауды ұсынады- қалай істеу, не айту, қалай ұту қажет? Осы мәселелерді шешу тілегі ойнаушылардың ойлау әрекетін арттырады. Ал егер қазақ тілінде сөйлейтін бала сонымен қатар орыс тілінде сөйлесе, ол оқытудың бай мүмкіндігін ашады. Балалар ол туралы ойланбайды. Ойын олар үшін ең бастысы-еліктіргіш сабақ. Сонысымен ол оқытушыларды, соның ішінде орыс тілдер оқытушалырынқызықтырады. Ойын кезінде барлығы тең. Ол тіпті тілақауы бар балалардың да қолынан келеді. Теңдік сезімі, еліктеу мен қуаныш атмосферасы, тапсырманың қолынан келетіндігін сезіну- сөзінде басқа тіл сөздерін еркін қолдануға бөгет жасайтын балалардың ұялшақтық сезімін жеңуге мүмкіндік береді және оқыту нәтижесіне жағымды әсерін тигізеді. Байқаусыз тіл материалы меңгеріледі- «мен басқаларымен бірдей сөйлесе алады екенмін»

Жасөспірімдердің білімі қалыпты болса да тәрбиесі жеткіліксіз болуының қоғамға тигізер кесірі мол. Қоғам өркендеп, заман көркейгенмен жаны азған, тілден, діннен безген, арбау мен алдау, кісі өлтіру мен ұрлық, әділетсіздік пен қайырымсыздық сияқты келеңсіз жағдайлардың кездесуі- ата-ана, мектеп, жұртшылық тарапынан тәрбиенің кеміс түсіп жатқанының айғағы. Сондықтан қазіргі таңда балабақша мен мектептің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі- білім берумен қатар тәрбие жүйесін жетілдіру. Жалпы білімді ізгілендіре отырып, тәрбие беру жолдары қандай? Тәрбие беру жолдарын қалай жетілдіруге болады? Міне, педагог қауымды ойландырып отырған осындай қитұрқы сұрақтар болып отыр. Ал бұл сұрақтардың жауабы тек мынада – білім беру үрдісінде балалардың өзіндік қабілет қарымдарын ескере отырып, бейіндік көзқараспен оқыту, оқыту үрдісінде ойынның ең нәтижелі, тиімді үлгілерін пайдалану. Бұл жағдайлардың барлығы білім беру үрдісінің тәрбиелілігіне барып саяды.

Сондықтан қай нәрсе де тек тәрбиеден бастау алады деу керек. Себебі ұлтына пайдалы қызмет ететін ұрпақ тек тәрбиелі оқушылардан шығады.

Қорыта келгенде, балабақша тәрбиеленушілердің, мектеп оқушылардың білім, білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне ойындар көп көмек береді. Олар арқылы түрлі дағдыларды меңгеру барысында оқушылар белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, қорытынды жасауға дағдыланды. Орыс тілі сабақтарында дұрыс ұйымдастырылып, пайдаланылған ойындар балалардың таным-түйсігіне жағымды әсер етіп, алған білімдерін жаңа жағдайларда шығармашылықпен қолдана алуына ықпал етеді. Ойын баланың ой – өрісін дамытады. Икемділік, сергектілік, тапқырлыққа шақырады. Ең бастысы ойынды мазмұнды, қызықты ету, ой-санаға лайықты ету ойыншының өз қолында.

Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс – әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады.

Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай – ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс – әрекет кезіндегі тілдік қарым – қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін – өзі жетілдіру мен өзін – өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс – әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек.

Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір – бірімен қарым қатынас жасайды.

Оқу ісі – әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.
Ойынның түрлері:

1. Ұлттық ойындар
2. Сюжетті рольді ойындар
3. Педагогикалық ойындар
4. Дидактикалық ойын
5. Шығармашылық ойын
6. Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз – педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс – әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс – әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс – әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік – жігер қасиеттері шыңдалады, мінез – құлық айқындала түседі.

Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек.

Үлкендер өзіне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, мектеп жасындағы балалар сабақ үстінде, ал мектеп жасына дейінгі балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті. Ойынның өз мақсаты, жоспары болады. Ойын мен еңбектің бір – біріне ұқсас сипаттары көп, кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын – жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын – жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен реніші ойын арқылы байқалады

Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай – ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым – қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады.

Ойындарда күтілетін нәтижелер:

- a. Ойын – тәрбие құралы, ақыл – ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзін қоршаған ортаны танып, мейрімділік сезімге тәрбиелейді.
- b. Еркін мінез – қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
- c. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
- d. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.
- e. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
- f. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан – жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір – бірімен жақсы қатынаста болады. Ойын үстінде де бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға яғни ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмір қажеттіліктерінен туады. Психологиялық жақтан денсаулықты нығайтуға негізделген.

Қорыта келе айтқанда:

Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс – әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан – жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл – қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым – қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын – бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

04.08.2021 жыл. № Y00057

Эссе «Мамандығым-мақтанышым»

МАХСЫМОВА ӘСЕМ МАХСЫМҚЫЗЫ

*Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы
«Үстірт бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК. Тәрбиеші*

Мен бүгін ерекше сезіммен ояндым,
Сәулелі ақ таңның шуағына боялдым.
Жүректе қуаныш, бойда күш тасыған,
Тағы да бақшама аяңдап келемін,
Бүлдіршін үнімен жұмыста қиялым

Балалармен жұмыс істеу-үлкен бақыт. Себебі тек бала ғана еш нәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақаныма қойып, өз құпияларын айтып, маған сенім артады.

Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өйткені мен оларға, олар маған қажет екендігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы әр тәрбиешінің бақыты. Тәрбиеші балаға деген ыстық ықыласын бір сөзбен айтып қана қоймай, бар жүрегімен және жан тәнімен сезіне білу қажет. Тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты.

Мынау менің балабақшам... Қазіргі жұмыс жасап жүрген балабақшада осы бір өлең шумақтарының күш-қуатымен келе жатырмын. Топтағы менің кішкентай бөбектерім... Әр күні олардың сүйкімді жүзін көргенде еріксіз күлімсіреймін. Өйткені олар мені қуана қарсы алады.

Қуанышын жасыра алмай еркелей алдыма келеді. Бір үйдің үміті, шырағы, аяулысы, ардағы, еркесі, бұзығы, қызығы. Мен олармен бірге жүрсем, балаша қуанып, мына өмірге балаша қарағым келеді.

Мен тәрбиешімін... Осы мамандықтың қызығы мен қиындығын бала ортасында жүрген менен артық ешкім сезе алмайды.

Біз, тәрбиешілер үшін балаға ненің дұрыс-бұрыстығын, не ыстық, не суық екенін, не жаман, не жақсы екенін балапандарға үйретуден қиын іс жоқ. Көздері мөлдіреген, жүздерінде күлкі ойнаған балаларға қарасаңызшы...

Күнде ертеңгісін балабақшада жас бүлдіршіндерді қарсы алып, олардың жағымды үндерін, сыңғырлаған тәтті күлкілерін, «Сәлеметсіз бе?», «Қайырлы таң!» деген сөздерін естігенде, бойым бір серпіліп қалғандай болады. Балалармен болған әрбір уақытым мені жаңа бір әлемге жетелегендей. Әрдайым балалардың маған деген ықыласын, маған ұмтылған үмітке толы көздерін, не нәрсені білуге құштар шабытты, сұраулы жанарларын байқаймын.

Олардың менен күтетіндері өте көп екенін сеземін. Шынымды айтсам, кейде жұмыстан үйге келгенде, қатты шаршағанымды сеземін. Бірақ сол балалармен өткізген күндерімді ой елегінен өткізе отырып, олардың ыстық ықыласы, маған қараған үмітке толы көздері, тәтті қылықтары, сәбилік шын жүректерімен айтқан сөздері есіме түскенде шаршағанымды ұмытып кетемін.

Осы бір « балалар әлемінің теңізіне » бір бойласам , ешқашан өз мамандығымды өзгерткім келмейды. Өйткені бала жаны пәк, бала тап-таза мөлдір бұлақтың бастауы сияқты. Көзін ашып, тұнығына қану үшін, тәрбиешіде жылы жүрек, аялы алақан және тәрбиешіге тән ең бірінші қасиет баланы құрметтеу сезімі болу керек екенін түсіндім. Оның адамшылық ар-ожданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай сыйлау, құрмет тұту.

Балабақшаның у-шуынсыз өмірімді елестете алмаймын. Әр бала өзінше бір әлем... Тым жақсы, тап-таза, сезімдері пәк, аңғал, сүйкімді жандар. Ендеше оларды қалай ғана, жақсы көрмейсің. Мені өздеріне асқар таудай сүйеніш деп біліп тұрғанын сезе тұра, мен оларға жан-тәніммен берілмесем кім болғаным... Халқымызда « еңбегі көптің, өңбегі көп » деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы бар жігерімді, күш қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек.

Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты ұстаз-тәрбиеші, бақытты жанмын деп білемін.

Ұрпағымызды бала кезінен ұлттық тәрбиеге баулап, салауатты өмір салтын ұстап, бойына адамгершілікті, мәдениетті, инабатты, иманды сіңіріп, өз ана тілін құрметтейтін болашақ ұрпақ тәрбиелесек, әрбір тәрбиешінің өз міндетін мүлтіксіз орындағаны деп білемін.

Менің негізгі мақсатым – балаларға жақсы көңіл – күй сыйлай отырып, саналы тәрбие, сапалы білім беру. Өзімді әр оқу қызметі үстінде балаларға бағыт беруші, жол сілтеуші рөліне қоямын. Бұл балалардың өзіне деген сенімін арттырып, оқу қызметіне деген тұрақты зейін қалыптастыруға, қызығушылығын оятуға жағдай туғызады.

Бала жүрегі – кішкентай күй сандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Тәрбиешінің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек. Бала тәрбиесінің жолында талмай қызмет етіп келемін. Қызмет етуді азаматтық, ұстаздық борышым деп санаймын. Әлі де қызмет етемін, баламен жұмыс жасау мен үшін өте қызықты.

Міне, осындай кербез, кішіпейіл, мейірімді, шуақты тәрбиеші атансам - адами парызымның орындалғаны болар.

Менің мамандығым әлемдегі ең қажет мамандықтардың бірі. Сондықтан мен мамандығымды мақтан тұтамын.

04.08.2021 жыл. № Y00058

Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі

ЭЛЕНОВА АЙТҒҰЛ

*Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы
«Үстірт бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК. Тәрбиеші*

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Кейде бала дене шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жететін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр. Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты -баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады. «Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі.

Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие. Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2-3 жасқа дейінгі бағдарламаның талаптары:

8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша тандау;

Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;

Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын белгілеу, үлгі бойынша қою (әртүрлі шамаларды қосымша беттерге жайып қойып немесе тақтайшада ұқсас формаларға орналастыру).

4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүтін қойма текшелерді құру.

Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);

Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау;

Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;

Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;

Парақ шеңберінде тік, көлденең, дөңгелек, қысқа және ұзын сызықтарды өткізу.

Дидактикалық ойындар арқылы тәрбиеші балалардың сенсорлық тәрбиені жүзеге асырып, танылатын үрдісін дамытады (білуге құмарлық, қарапайым көрністерде өзара байланысты түсіну және т.с.с.). Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады».

Дидактикалық ойын міндетті, мазмұнды, ережелерді және ойын әрекеттерді енгізеді.

Дидактикалық ойынның негізгі элементі дидактикалық міндет болып табылады. Ол сабақтардың бағдарламасы-

мен тығыз байланысты. Барлық қалған элементтер қойылған міндетке бағынып және оны орындауын қамтамасыз етеді. Дидактикалық міндеттері әртүрлі (қарапайым математика ұғымдарың бекітуге байланысты болуы мүмкін).

Дидактикалық ойындардың мағынасы қоршаған болмыста (табиғат, адамдар, олардың ара қатынастары, тұрмысы, еңбегі, қоғамдық өмірлері, оқиғалары және т.б.) Дидактикалық ойында үлкен рөл ережелерге беріледі. Олар әрбір балаға ойында не және қалай істеуге тиісті екендігін анықтайды, табысқа жету жолын көрсетіп жатыр.

Балаларда жүріс тұрыста тойтарылу, өз мінез-құлқын басқаруды тәрбиелеп жатыр. Ойын әрекеті – бұл ойын мақсатында балалардың белсенділік таныту: түрлі-түсті шарларды сырғанату, мұнараны талдау, матрешканы жинау...

Сенсорикадағы дидактикалық ойындар мектепке дейінгі кіші жастағы балалар үшін сан туралы білімдерін кеңейтуге және бекітуге үлкен мүмкіндіктер береді: « бір » және « көп »; заттардың теңдігі туралы, өрнектерді түсіну: сонша — қанша, тең, бір бірден — көп –бір де. Заттар салыстырып, олардың шамаларын т түсіну: ұзын — қысқа, бірдей, жоғары — төмен, кең — тар, жуан — нәзік, көбірек — аз. Пішінді анықтау: шеңбер, шаршы, үшбұрыш. Кеңістіктің бағыттарын танып білу: алға, артқа, оңға, солға. Уақытты бағдарлау: таңертең, күн, кеш, түн.

04.08.2021 жыл. № Y00059

Баланың балабақшаға бейімделуі

АСАНОВА ЗАМИРА САГАТОВНА

*Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
“Үстірт бөбекжайы” ЖБҚ МКҚК. Психолог*

Баланың әлеуметтенуі қашан қайда басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді?

Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйқтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен,
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.
- Кейбір тамақтарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шәйнап үйренбеген (картоп, нан).

Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3-4 сағат болады. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе, оны жақсы көретініңіз туралы айттыңыз ба? Ата-аналардың балаға эмоцияналдық әсері көбінесе жағдайды қиындатады. Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар.

Жеңіл түрі – баланың мінез-құлығы 10-15 күнде қалпына келеді,

Орташа ауырлық бейімделу 1 айдың ішінде;

Ауыр бейімделу – 2 айдан 6 айға дейін өтеді.

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі керек.

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады.

Балыңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз.

Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және соны қатал ұстаныңыз. Балаға анық түсінік беру керек.

Ата-аналар үшін баланың балабақшаға бейімделу туралы кеңес.

2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимін бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.

Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз,

Үйдегі жағдай баланың өзіне-өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану.

Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарыны қонаққа барсын, әжесіне қонуға қалсын т.с.с.

Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата-ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға, сондай-ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.

Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілде балаңызды бірінші күні – ақ ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3-4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады. Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдандуды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

Балабақшаға ауырмай келуі қажет. Ауырудан сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет.

Егер сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

04.08.2021 жыл. № Y00059

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

ЕДІЛОВА АЙНҰР НҰРСҰЛТАНҚЫЗЫ

*Маңғыстау Облысы Бейнеу ауданы
“Үстірт бөбекжайы” ЖБҚ МКҚК Тәрбиеші*

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.


Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.

Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді. Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі.

Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.



Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мұляжы.

Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бірекі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.



Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.

Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.



Ойынның барысы:

ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.



04.08.2021 жыл. № Y00061

Балаларға эстетикалық тәрбие берудің ерекшеліктері

БУРАБАЕВА АЙГУЛ НУРЛЫКУЛКЫЗЫ

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы

"Үстірт бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК. Эстетика маманы

Эстетикалық тәрбие дегеніміз – қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етуге бағытталған, жүйелі үрдіс. Балаларды өнер құралдарымен тәрбиелеу – көркемдік тәрбие пәнін құрайды.

Тәрбиеші баланы сұлулықты қабылдауға, оған эмоциялық ықлас білдіруге, сондай-ақ, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға жасау керек. Эстетикалық сезім дегеніміз – өмірдегі, көркем өнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәр алу, толқу, рахаттану. Ол адам табиғатына ғана тән жоғарғы сезім.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – баланың бойына эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсіну, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, эстетикалық іскерлік пен дағдысын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету – шексіз жұмыс және тәрбие жұмысының күрделі саласы. Эстетикалық сезім әлеміне қатысы бар құбылыстарды зерттейтін философияның бір саласы болса, эстетикалық тәрбие көбінесе адамның сезіміне тәрбиелеу арқылы санасына әсер етіп, іс-әрекетіне бағыт-бағдар беруді көздейді. Жүріс-тұрыс адамдар арасындағы қарым-қатынас талаптарын түсініп, сезіну оның эстетикалық жағын қамтиды. Этика мен эстетика іс-әрекет, жүріс-тұрыс, мінез-құлық көріністері арқылы бір-бірімен байланысып жатады.

Әр нәрсенің мөлшері мен өлшемін білу эстетикалық жақтан сезіну арқылы келеді. Эстетикалық тәрбиенің басты мәселесі – сезім әлеміне әсер ету, оны дамыту, қалыптастыру. Сезім мен дағдылар арқылы сұлулықты түсіне-сезіне білуге тәрбиелеу баланың дара қасиеттерін, барлық мүмкіндіктерін қалыптастырады.

Баланың көркемдік-эстетикалық дамуы сәтті болу үшін тәрбиеші, педагог жас ерекшелігіне сай әртүрлі ойындар, сабақтардың түрлерін қызықты, әрі танымды өткізеді. Танымдық ықпалдар эстетикалық қобалжулармен неғұрлым байланыста болса, соғұрлым нәтижесі де, әсер етуі де жақсарады.

Педагогтың балалар қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, әр біреуімен жұмыс жасауы, бала тұлғасының дербестігін көркемдік шығармашылық арқылы айқындауы, баланың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді.

Балаларға жағымды жағдай жасайтын болсақ, олар көркемдік-эстетикалық түсініктерді еркін меңгереді. Оқыту мен тәрбиелеу арқылы оларға білім беріп қана қоймай, тұлғалық дамуына жағдай жасай отырып, әрекеттілік қабілетін (интеллектуалды, эмоционалды, еңбектік, ерікті) дамыту керек.

Бала адекватты, өнімді және нәтижелі дамиды. Осыған орай көркемдік-эстетикалық тәрбиенің мектеп алды мекемелерге қоятын міндеттері:

– Баланың қиялын, эстетикалық сезімін, қабылдауын жүйелі және биік мақсатқа бағытталған түрде дамыту; өнердің барлық түрі қажеттілік сияқты сезімдерді тудырады;

– Баланы өнер саласындағы әрекетке, алғашқы көркемдік білімді игеруге және көркемдік деңгейді бағалауға баулу.

– Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бала бақшалардағы көркемдік-эстетикалық оқу-тәрбие үрдісінің барлық жақтарымен тығыз байланысты. Көркемдік-эстетикалық тәрбие жұмысын нақты, нәтижелі ұйымдастыру үшін, оның мазмұнын әрбір жас ерекшелік талаптарын анықтап алу қажет.

Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың күнделікті өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көріп, түсіне, бағалай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, одан ең жоғары рухани ләззат алуға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілік, тұлғалық келбетін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдік пен жексұрындықты, адамгершілік пен ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады.

Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады.

Қазіргі кезде эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу – тәрбие барысында тұрақты зейін салуды, күн сайын талапты күшейтетін мәселе.

Біздің қоғам адамына тек қана өнердің ғана емес, сондай-ақ еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың да әсемдік жақтары да ықпал етеді. Эстетикалық көзқарастар адамның шындыққа деген бағамын анықтайды.

Адам өмірінде эстетикалық көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезеңінен бастап, әсемділікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылықтары бар қатар – құрбыларына, ересектерге еліктейді. Балалардың өз еңбек іс-әрекеті тиімді және сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені оң қабылдау деңгейіне жеткені жөн. Балаға сонымен қатар жасампаздықтың да әсемдігі ашылады.

Еңбек әсемдігін қабылдауды үйретіп, қоғамдық іс-әрекет әсемділігіне сезімталдығын тәрбиелеп, мұғалім балалардың еңбек белсенділігін кеңейтуге дем береді. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің экономикалық мәселелерге әрі тікелей, әрі жанама қатынасы бар. Бұл біздің қоғамдағы қоғамдық өндіріс адамдардың өскелең рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығынан туындайды.

Сонымен оқушылардың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу – дамыған әсемдік сана мен талғамды, оны қабылдау және бағалау қабілетін қалыптастырудың мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған үрдісі. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу оқушыны жан- жақты үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде, ең алдымен өзіне тән қызмет атқарады. Ол іс-әрекеттің барлық түрлеріндегі әсемдік нышанын анықтап, оны оқушының әсемдікке көзқарасының даму, білім алу, қалыптасуы құралына айналдырады. Кең ой-өрістілік сөйлеу, іс-әрекетінің мазмұнынан сөз өнерін, ақыл-ой еңбегін, шындықтың объективтік жақтарын, көркем сөз сұлулығын, бөліп қарайды. Еңбек іс-әрекетінде еңбек мақсаттары және процесі, оның нәтижесі, сұлулығы ерекше көрсетіледі. Құқықтық іс-әрекетінде қоғамдық мұраттардағы, дамудағы оның, ынтасы мен тәртібіндегі сұлулыққа баса назар аударылады.

Бейнелеу іс-әрекеті барысында балаларға көзге көрінетін әлем, музыкада адам жасаған дыбыс үйлесімділігінің сұлулықтары ашылады. Дене тәрбиесі мәдениеті және гигиена негіздері арқылы бала адам денесінің тән және жан сұлулығын таниды т.б.

Оқушыны әсемдікке тәрбиелеудің, жан-жақты және үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде жанама қызмет те бар. Әсемдіктің адам үшін зор тартымды күші бола отырып, сонымен бірге оның іс-әрекетінің белсенді және тиімді дем берушісі де болады. Оқушы өнегелігінің әсемдігі, оның жан дүниесінің байлығы, шешендігі оны басқа адамдарға тартымды етеді.

Оқушылар алдында ашық көрініс берген еңбек әсемдігі, оның еңбегін тартымды етеді және еңбек іс-әрекетінің үрдісін жеңілдетеді. Ерлік пен шын азаматтық әсемдігі адамдарды қоғамдық тәртіп және құқықтық әрекеттерін орындауға жетелейді.

Баланың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу, әсемділік қасиеттері бар әртүрлі өмірдегі қатынастар мен әсерлер ықпалымен жүзеге асырылады.

Кіші мектеп жасындағы балалардың эстетикалық көзқарасы үздіксіз дамиды. Оған себеп болатын нәрсе – оқу, қоғамдық және тұрмыстық еңбектің жаңа жүйе деңгейіне көтерілуі.

Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы – өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімі мен санасына әсер етіп, оның өмірлік көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді.

Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланыста қаралады. Балалардың ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес.

Еңбекке тәрбиелеу – адамдардағы әсемдікті, еңбек мазмұны мен үрдісін танымай саналы тәртіп пен мінез құлықты тәрбиелеу мүмкін емес.

Сондай-ақ, әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды. Бала әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйреніп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен талпынысын тәрбиелейді.

Сонымен эстетикалық тәрбие – табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді. Өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды.

Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі – эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу.

Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әртүрлі болады. Біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал, кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап, жанынан өте шығады, әдемілікті сезу үшін, оны түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласы бойынша әрбір адамда түсінік, білім болуы қажет.

Білім адамды әдеміліктің объективтік критерилерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүниеге сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады.

Эстетикалық ұғымды, пайымдауды, баға беруді қалыптастыру – эстетикалық тәрбиенің тағы да бір міндеті. Әдемілікті сүю, оған түсіну үшін балаға негізінен көмектесетін білім. Сондықтан бала бейнелеу өнері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді игеруі қажет. Осыған байланысты ол эстетикалық терең түсінуге тырысады, пайымдай және бағалай алады.

Көркемдікке және сұлулыққа баға беру үшін эстетикалық танымның маңызы өте зор. Эстетикалық таным – бұл өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың аражігін ажырата білу, өнер шығармаларына жоғары талап қою.

Қазіргі жағдайда біздің қоғамдық өміріміздегі қажетті мәселелердің бірі баланың эстетикалық белсенділігін тәрбиелеу. Ол әдемілікті сезіп және оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналага өзгеріс жасауы қажет. Өмірге кіріккен эстетика (еңбек, табиғат эстетикасы, адамдар қатынасы және жай-жағдай эстетикасы) адамды сүйсіндіреді.

Адам белсенді түрде өмірдегі әдемілікке, көркемдікке өз үлесін қосып, оны көріксіздіктен, ұсқынсыздықтан қорғауы қажет.

Балаларды эстетикалық белсенділікке тәрбиелей отырып, оларды өздігінен ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тыңдаушы болуға баулу керек. Балалар әдебиетті оқуға, кинофильмді, теледидарды, спектакльді көруге, музыканы тыңдауға өте ынталы болады.

Әртүрлі әдеби, музыкалық шығармалардағы іс-әрекеттің оқиға желісін дұрыс түсіну үшін балаларды көп ізденуге үйрету, бағыт беру ұстаздардың басты міндеті.

Эстетикалық тәрбиенің маңызы міндеті – өнер және әдебиет салаларында балалардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамыту. Осыған орай, мектепте оқушылардың ықтимал мүмкіндіктерін және қабілетін барынша анықтау керек.

Эстетикалық тәрбиенің негізгі құралдары – әдебиет және өнер. Олар зор идеялық тәрбиелік роль атқарады. Әдебиет пен өнер адамдарды қуанышқа бөлейді, жігерлендіреді, олардың идеялық жағынан баюына игі әсер етеді.

Өнер және әдебиет адам санасына белгілі көзқарастарды әртүрлі құралдар арқылы (әдебиетте – проза, поэзия; кескіндеме жанр, баталия, пейзаж; мүсінде – бюст, т.б; музыкада – симфония, оратория, ән енгізіледі).

Белгілі орыс суретшілері П.А.Федотовтың, В.Г.Перовтың, И.Е. Репиннің, В.В.Верещагиннің, И.И.Шишкиннің, И.Н.Левитанның және қазақ суретшілері Ә.Қастеевтің, М.Кенбаевтың, Қ. Шаяхметовтың т.б. шығармашылығы биік талғам деңгейлікке көтерген бейнелеу өнері адамдардың тәрбиесіне үлкен ықпал етеді.

М.Горький, Н.А.Островский, А.А.Фадеев, М.А.Шолохов, М. Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, т.б. еңбектеріндегі адам баласының бақыты және бостандығы үшін күрескерлердің бейнелері жастарды үлкен ерліктерге рухтандырады.

Сонымен өнер және әдебиет шындықты түсінудің және танудың бірдең-бір құралы. Өнер мен әдебиет адам дамуынын және рухани өсуінің басты шарттарының бірі болып табылады.

Әдемілікті сезуде, эстетикалық көзқарасты қалыптастыруда табиғат зор роль атқарады. Табиғат адамды қуанышқа бөлейді, сезімін дамытады, эстетикалық түсінігін байытады. Адам табиғаттағы бақылаушы ғана емес, ол тұтынушы, сұлулықты жасаушы шығармашылық тұлға.

Сондықтан өзінің күшін, қабілетін адамдар бақыты үшін табиғатқа өзгеріс жасауға жұмсауы керек. Мысалы, қала мен селоны, тұрғын жерлерді көгалдандыру, бақ және гулдер өсіру, мәдениет және демалыс орындарын безендіру – бұл маңызы зор эстетикалық шаралар.

Мектеп оқушыларының эстетикалық түсініктері, олардың еңбекке әсемдік тұрғысынан қатынасы, өзіндік белсенді іс-әрекетімен байланысты екенін көрсетеді.

04.08.2021 жыл. № Y00062

ҒАЖАЙЫП МАТЕМАТИКА

КАЗТУРГАНОВА БАГДАГУЛ БАЙМУРАТОВНА

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы

"Үстірт бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК. Сарапшы – тәрбиеші

Мақсаты: Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға, ойын арқылы жеткізе білу. Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамыту.

Күтілетін нәтижелері: Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға, ойын арқылы жеткізе білді.

Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамытты.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Көрсету, таныстыру, сұрақ жауап

Белингвальды сыңары: Үшбұрыш-треугольник, төртбұрыш-квадрат, шеңбер-круг

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Ресурстар
ҰОҚ басталуы	<p>Жылулық шеңбер</p> <p>Үлкен шеңбер құрайық Алақанды ұрайық Күлімдесін күнде Күлімдейік біз де Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық Таза ауаны салайық Жүрек жұлуын салайық Енді бәрін қонақтарға сыйлайық</p>	
ҰОҚ негізгі бөлімі	<p>Музыка ойналады топқа үрленген шар ұшып келеді ішінде хат болады. Шарды жарып хатты оқи бастағанда музыка ойналып экраннан аю сөйлейді. Аю: сәлем достар сәлем балалар мен сендерге хат жолдаған себебім менің Маша досым орманда адасып қалды соны таба алмай жүрмін соны табуға көмектесіңдерші.</p>	<p>Слайд</p> <p>Слайд</p>

Аю: балалар сендерде орманға барам деп жолдан адасып қалмаңдар сендер алдымен орманға бармас бұрын картадан жолды көріп алыңдар
Аю: Таулардың аржағында
Орманың аржағында
Сандықша бар
Іші тола ғажайыпқа
Сол сандықшада маша досым тығылып отыр соны маған әкеп беріңдер.
Аю: орманға бару үшін жол өте алыс орманға паровозбен бару керек.
Балаларды паровозға отырғызу үшін қалталы тақтайшадан әр түрлі пішіндерді алғызып сол пішіндер арқылы паровозға отырғызады.
Балаларға орманға келгендерін айтып онда көптеген тапсырмалар орындайтындарын айтады.
Тақтадағы үш құлыпқа назарларын аудартып құлыптың кілтін ашу арқылы тапсырманы орындайтынын айтады. Сол кезде экраннан төртбұрыш сөйлейді балаларға түсіндіріп құлыптың кілті екенін түсіндіріп бірінші тапсырманың ашылғанын айтады.


1-Тапсырма
Топтық жұмыс
Триз әдістемесін қолдана отырып пішіндерге ұқсас суреттерді тауып қыстыру.
Пішіндер туралы тақпақтар сұрау.
Экраннан шеңбер сөйлейді шеңбермен таныстырып екінші құлыптың кілті екенін айтып екінші тапсырманың берілгенін айтады.

2-Тапсырма
Жеке жұмыс
Тәрелкедегі жемістер мен көкөністерді санау арқылы сандарды тура тауып құрастыру
Балаларға 1-10ға дейін санату және орысша ағылшын тілде санату арқылы білімдерін толықтыру.



Слайд



	<p>Экраннан үшбұрыш сөйлейді үшбұрыш пішінмен таныстырып үшінші құлыптың кілті екенін айтып үшінші тапсырманың берілгенін айтады.</p> <p>3-Тапсырма Тәрелкедегі түрлі макарондардан бау өткізу арқылы балаларға санатып түстерін тауып, монтессори әдістемесі арқылы қол маторикасын дамыту.</p> <p>Ғажайып сәт: Орманда үлкен қорап тұрады ішінен Маша шығады Маша: сәлем достар мен орманда ойнап жүріп мына үлкен қорапқа қамалып қалдым рахмет сендерге мені құтқарғандарыңа менім ішім қатты пысты меніммен ойын ойнайсындарма</p> <p>Сергіту сәті Музыка ырғағымен қимылды жаттығулар жасату.</p> <p>Ойын «Өз орныңды тап» Ал қане балалар өздерінің тұрған пішіндеріңді қолдарыңа алып сол пішіндер арқылы паровоздарына отырайық тобымызға қайтайық. Пішіндер арқылы паровозға отырады. Балалар біз аюға Маша досын қайтарайық Машаны аюға жібереді</p>	
<p>ҰОҚ қорытындылау</p>	<p>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау Қане балалар біз кімге көмектестік? Машаны қайдан таптық? Біз қандай тапсырмаларды орындадық? Жарайсындар балалар! мақтап мадақтау</p>	

МАЗМҰНЫ

- *ШОЛПАНОВА АКТОЛКИН АБЕНТАЕВНА*
- *БУРЦЕВА АНАСТАСИЯ АЛЕКСЕЕВНА*
- *БЕКЕШОВА СВЕТЛАНА ОРАЛБАЕВНА*
- *БЕКБОЛАТОВА ДИНАРА КАЛБАЕВНА*
- *МАХСЫМОВА ӘСЕМ МАХСЫМҚЫЗЫ*
- *ЭЛЕНОВА АЙТГҰЛ*
- *АСАНОВА ЗАМИРА САГАТОВНА*
- *ЕДІЛОВА АЙНҰР НҰРСҰЛТАНҚЫЗЫ*
- *БУРАБАЕВА АЙГУЛ НУРЛЫКУЛКЫЗЫ*
- *КАЗТУРГАНОВА БАГДАГУЛ БАЙМУРАТОВНА*